

**Қарабұлақ ауылын тарату және оның аумағын Павлодар облысы Баянауыл ауданы
Ұзынбұлақ ауылдық округі Ұзынбұлақ ауылының құрамына енгізу туралы**

Павлодар облыстық мәслихатының 2012 жылғы 03 тамыздағы N 78/7 шешімі және Павлодар облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 7 тамыздағы N 11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 31 тамызда N 3216 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11-бабының 3) тармақшасына, Баянауыл ауданы әкімдігі мен Баянауыл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 28 шілдедегі "Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгеріс туралы" N 121/17 бірлескен қаулысы мен шешіміне, Павлодар облысы әкімдігінің 2012 жылғы 14 мамырдағы "Қарабұлақ ауылын тарату және оның аумағын Павлодар облысы Баянауыл ауданының Ұзынбұлақ ауылдық округі Ұзынбұлақ ауылының құрамына енгізу туралы" N 136/5 қаулысына сәйкес, Баянауыл ауданы Қарабұлақ ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Павлодар облыстық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты Қарабұлақ ауылы кейіннен есептік деректерден шығарылып, таратылсын және оның аумағы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Ұзынбұлақ ауылдық округі Ұзынбұлақ ауылының құрамына е н г і з і л с і н .

2. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы қаулы мен шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

мәслихаттың хатшысы
Павлодар облысының әкімі

Сессия төрағасы, облыстық
М. Көбенов
Е. Арын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК